

## ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ӨТПЕЛІ КЕЗЕҢІ. АТА-АНАЛАРҒА АРНАЛҒАН ЖАДЫНАМА

Жасөспіріммен өтпелі кезең кезінде қарым-қатынаста ата-аналар бірқатар ережелерді сақтауы керек, олар дағдарысты оңай жеңуге көмектеседі.

### "Мүмкін" және маңызды!

- Мақтау және қолдау! Оның қызығушылығына, хоббиіне қызығушылық танытыңыз және оның жетістіктеріне қуаныңыз.
- Балаға талап қойыңыз, бірақ сол талаптарды өзіңіз де ұстануды ұмытпаңыз.
- Құрметтеу! Қарым-қатынас барысында оны тыңдай біліңіз және ересектермен сөйлескендей сөйлесіңіз. Оған өз ойынын айтуға кедергі жасамаңыз және оған өз көзқарасын білдіруге мүмкіндік беріңіз.
- Баланы сынамаңыз және балаға ашуыңызды шығармаңыз! Оның кез-келген жаңалықтары мен сөздерін айқай-шусыз, ашуланусыз тыныш қабылдаңыз.
- Оның сөздері мен әрекеттерін бағаламаңыз! Тек фактілерді талқылаңыз.
- Оны басқа балалармен салыстырмаңыз.
- Жасөспірімге ересек адам сияқты қарау! Отбасылық мәселелерді шешуде оның пікірін ескеріңіз. Үй міндеттерін тең бөлісіңіз.

### Жасауға болмайды!

- Баламен қақтығысуға.
- Қыңырлыққа бой алдырып, дегенін жасамаңыз.
- Қарым — қатынас кезінде: "маған үйрететін сен кім едің", "сен әлі кішкентайсың", "бірінші өсіп ал, сосын үйретесің" және т. б. Сөзтіркестерді пайдалануға.
- Физикалық жазаны қолдануға, қол көтеруге, ұруға.
- Истерика көрсетіп, өз көзқарасыңызды дәлелдеуге.
- Сынға алу, қорлау және жетістіктерді байқамауға.
- Берген уәдені ұмытуға, алшақтауға, көмек сұраса кеңес беруден бас тартып, елемей қоюға.
- Достарымен қарым-қатынас жасауға шектеу қоюға.
- Жеке шекараға қол сұғу (телефонды тексеру, жеке күнделік, әлеуметтік желілерді оқу).

Балаларды тәрбиелеудегі тұрақты жұмыс, құндылықтардың дұрыс жүйесін қалыптастырудағы ата — аналарға көмек және баланың өзін-өзі бағалауын дамыту-мұның бәрі жеке тұлғаның қалыптасуының жаңа кезеңін анықтайды.